

FTAMP 16.21.21

А.Т. Рамбекова¹

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең к., Қазақстан

ТІЛ ҚАҚТЫҒЫСТАРЫ-ЛИНГВОКРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ПӘНІ

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі таңда жаңадан дамып келе жатқан сала «лингвокриминалистика» туралы ақпарат берілген. Бұл саланың зерттеу объектісі мен сараптама жасау үлгілері жайлы айтылған. Қазіргі кезде орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндер қылмысты ашуға және тергеу жүргізуге немесе азаматтық дауларды шешу үшін қажетті дәлел ретінде алға тартылатын көп істер қазақстандық соттарда қаралып жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдары кейде шындыққа сәйкес келмейтін, азаматтардың ар-намысына тиетін ақпаратты таратып жатады. Тағы бір жағдайларда журналистерге осындай кінә тағып, оларды орынсыз айыптайды. Жосықсыз жарнамаға, бәсекелестікке қатысты істерде, патент төңірегінде туындаған дауларда да ауызша жасалған құқық бұзушылықтар орын алып жатады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай істерді қарағанда көптеген фактілерді анықтау үшін филологиялық мәтінтану, қолданбалы лингвистика, қолданбалы сөйлеу т.б. салалардағы арнайы білімді қолдануды қажет етеді. Филология саласында арнайы (сараптамалық) білімдер – осы критерийлердің негізінде дау тудырған мәтінді жан-жақты және терең талдау үшін қажет.

Түйін сөздер: лингвокриминалистика, филологиялық мәтінтану, қолданбалы лингвистика.

Аннотация. В данной статье представлена информация о современной развивающейся отрасли «лингвокриминалистики». Речь идет об объекте исследования в этой области и модели экспертизы. В настоящее время в казахстанских судах рассматривается множество дел, тексты которых на русском и казахском языках ставятся необходимыми доказательствами для раскрытия и расследования преступлений или разрешения гражданских споров. Средства массовой информации иногда распространяют информацию, не соответствующую действительности, порочащую честь и достоинство граждан. В остальных случаях журналистам предъявляют такие обвинения и обвиняют их неуместно. Имеют место нарушения, совершенные устно, в делах, касающихся недобросовестной рекламы, конкуренции, в спорах, возникших в рамках патента. Опыт показывает, что для выявления многих фактов таких дел требуется применение специальных знаний в области филологического

текстовеждения, прикладной лингвистики, прикладной речи и др. Специальные (экспертные) знания в области филологии – необходимы для всестороннего и глубокого анализа оспариваемого текста на основе этих критериев.

Ключевые слова: лингвокриминалистика, филологическое текстовеждение, прикладная лингвистика.

Abstract. This article presents information about the modern developing branch of “linguo-criminalistics”. We are talking about the object of research in this area and the model of expertise. Currently, many cases are being considered in Kazakh courts, the texts of which are in Russian and Kazakh languages are put as necessary evidence for the disclosure and investigation of crimes or the resolution of civil disputes. The mass media sometimes distribute information that does not correspond to reality, discrediting the honor and dignity of citizens. In other cases, journalists are charged with such charges and charged inappropriately. There are violations committed orally in cases involving unfair advertising, competition, and disputes arising under the patent. Experience shows that to identify many of the facts of such cases requires the use of special knowledge in the field of philological text science, applied linguistics, applied speech, and other Special (expert) knowledge in the field of Philology necessary for a comprehensive and in-depth analysis of the disputed text on the basis of these criteria.

Keywords: linguo-criminalistic, philological text, applied linguistics.

Кіріспе бөлім

Тіл білімі ғылымына енді орныға бастаған лингвокриминалистика бағыты криминалистикалық субмәдениеттің әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық жақтарын зерттейді. Ал лингвокриминалистік бағыттың тәжірибедегі көрінісі – лингвистикалық сараптама жасау болып табылады.

«Лингвокриминалистика» термині үш бірдей мағынаға ие: 1) мәтіндерді заңдық тұрғыдан зерттейтін тіл туралы ғылым; 2) сот-лингвистикалық сараптаманы жасау жағын оқытатын тілтану ғылымы; 3) криминалистік мәдениеттің әлеуметтік лингвистикалық аспектісін зерттейтін ғылым.

Кейбір ғалымдар лингвокриминалистиканың орнына юристлингвистика деген терминді қолданады. Дегенмен кейбір ғалымдар екі ұғымның арасында айырмашылық бар екендігін айтады. Мәселен, лингвокриминалистиканың ғылым ретінде қалыптасуын зерттеген Ресей ғалымы М. Грачев лингво-криминалистиканың тек сот-лингвистикалық сараптамамен, оның тілдік ерекшеліктерімен ғана шектеліп қалмайтынын, түрлі салада кездесетін тілдік қақтығыстардың барлығын шешуге

қауқарлы екендігін айтады [1]. Сонымен қатар, лингвокриминалистика кең мағынада мәтіннің прагматикалық мақсатын зерттесе, тар мағынада лингвистикалық сараптаманы жасауды зерттейді.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басынан бастап заңнамалық лингвокриминалистика деген ғылым саласы пайда болды. Бұл сала тіл мен құқықтың тоғысқан тұсынан пайда болғандықтан, ол пәнаралық сипаттарға ие. Тіл мен құқықтың байланысы мәселелерімен лингвистер де, заңгерлер де шұғылданып келеді. Лингвокриминалистика тілдік мәтіндердің (ауызша, жазбаша) коммуникативтік және функционалдық-эрекеттік сипаттарына құқық кеңістігінде лингвистикалық баға беру үшін: 1) заң құжаттарына лингвистикалық сараптама; 2) заңдық және нормативті-құқықтық актілерге ұсыныстар; 3) заң мәтіндерін аудару; 4) құқықтық баға берілуге тиіс мәтіндерге сараптама жасайды.

Ал лингвокриминалистік сараптама – «тілдік дау-жанжалды» туғызуға бағытталған лингвистикалық құралдарды анықтауды мақсат ететін ғылыми гуманитарлық бағыт. Бұл ғылыми бағыттың ерекшелігі – көптеген құқықтық қорытындыларға тоқталып, шешім шығаратындықтан, ғылыми құндылығымен қатар заңдық күші де бар. Лингвистикалық сараптаманың нәтижесі заңгерлік құндылыққа, ал зерттеу мен сараптаманың өзі лингвистикалық сипаттамаға ие. Диалектизм пен плюрализм сынды түрлі көзқарас категориялар мен объективтілікті айыруға мүмкіндік беретін, яғни, біржақтылық пен қатаң тұжырымға әкелетін функционалды-семантикалық сараптама жасау да аталмыш ғылыми бағыттың ерекшелігі болып табылады. Даулы жағдайды шешуге лингвистикалық аргумент пен дерек тапқан сараптама лингвистикалық сипаттамаға ие. Ал заңдық күші бар нәтижеге қол жеткізу үшін лингвистикалық сараптама тіл білімінің классикалық, дәстүрлі әдіс-тәсілдері мен заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана алады: грамматикалық, тілдік-стилистикалық, коммуникативтік-прагматикалық, риторикалық, психолингвистикалық, лингвомәдени, түсіндірме, мазмұндық-талдау, когнитивтік, фоноскопиялық, коммуникативтік мақсаттарды ашу әдістерін пайдаланады. Лингвистикалық сараптаманың негізгі нысаны – дау-жанжал аралас мәтіндер.

Негізгі бөлім

Адам өзі туралы қандай да бір жағымсыз ақпарат таратылса, әдетте оны өзінің ар-намысы, абыройы, қадір-қасиеті, іскерлік беделі тапталды, қорланды, төмендетілді деп қабылдайды. Ол жағымсыз ақпараттар жала жабу, балағаттау, әлеуметтік, ұлттық, діни өшпенділікті қоздыру мазмұнында болуы мүмкін. Жала жабудың өзі Қылмыстық кодексте үш түрлі жіктелім бойынша жазаланады:

- басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көбіне, жалған мәліметтер тарату арқылы жала жабу;

- көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жала жабу;
- адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу;

Қорлау басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту, көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау деген екі жіктеліммен жазаланады. 164-баптағы әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру да үш жіктеліммен сотқа тартылады. Сарапшы-лингвистің басты құзыреті – бұл қылмыс түрлеріне заңдық тұрғыда баға беру емес, жала жабудың, қорлаудың бар-жоғын анықтап қорытынды жасау. Зерттелетін іс объектісі бейне және жазба ақпарат тасымалдағышта жазылған немесе бейнеленген болуы керек.

Ар-намысты, абыройды және іскерлік беделді қорғау туралы азаматтық істерде лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін төмендегідей типтік сұрақтар қойылады:

- Мәтінде белгілі бір тұлғаның қызметі және оның жеке іскерлік, моральдік сапалары туралы жағымсыз мәліметтер бар ма? Бұл мәліметтер нақты қай сөзде, қай сөйлемде айтылған, оның мағыналық бағыты қандай?
- Егер жоғарыда айтылған сөздер мен сөйлемдерде заңды тұлға туралы мәліметтер болса, онда олар қандай формада айтылған (жазылған, көрсетілген): не дәлел, не болжам, не сұрақ ретінде ме?
- Мәтінді лингвостилистикалық талдауда қолданыстағы заңнамаларды, моральдік нормалар мен қағидаларды бұзғаны туралы мәліметтерде дәлелді сөздер ме, сөйлемдер бар ма?
- Жарияланған мәтіндегі сөздер (сөз тіркестері, сөйлемдер, абзацтар) қандай мағынада қолданылған?
- Мақала мәтінінің композициялық құрылымы қандай? Автор қандай стилистикалық тәсілдер қолданған? Ол жарияланым кейіпкерлеріне қандай мінездеме (сипаттама) береді?
- Мәтінде баяндалған мәліметтер фактілік дәлел ретінде айтылған ба? Егер олай болса, онда ол қандай, мақала авторының бағалау пайымдары не пікірлері ме?

Осы сұрақтарға жауап бермес бұрын заңгер мен сарапшы-лингвистің құзыреттерін шектеп алған дұрыс. Сарапшы-лингвист құзыретіне сұрақтарға жауап беру барысында әрекеттерді заң тұрғысында жіктеу (квалификация) жатпайтыны жалпыға белгілі. Егер сарапшы қорытындысында құқықтық баға беретін болса, онда ол сарапшы қорытындысын сот ісі бойынша дәлел ететін құжат ретінде мойындамайды, себебі кінәлі адам жауапкершіліктен құтылып кетуі мүмкін.

Өзі туралы жағымсыз ақпарат таратылған адам өзін жала жабылды деп санайды. Жала жабуға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 129-бабында қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Онда жалаға «басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделіне түсіретін көрінеу, жалған мәліметтер тарату» деген анықтама берілген. Жаланың анықтамасында «ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру, беделіне түсіру» деген ұғымдар бар. «Көрінеу жалған мәліметтер» – шындыққа сай емес, ойдан шығарылған мәліметтер. Бұл ойдан шығарылған мәліметтер адамның жағымсыз қасиеттері, әдепсіз қылықтары, қылмыстық, бейәдептік және т.б. әрекеттері туралы болады. Жала – алдын ала ойластырылған қылмыс, сондықтан кінәлі адам таратылған мәліметтердің ойдан шығарылған және төмендету екенін саналы түрде береді. Бұл мәліметтерді кінәлі адам өзі ойдан шығарады немесе біреуден естуі мүмкін, бірақ ол мәліметтердің шындыққа сай емес, жалған екенін біледі, яғни жала – жала жабу мақсатындағы қасақана әрекет. Пиғылдың қасақаналығын сот анықтайды. Жала бойынша қылмыстық іс қағаздың лингвистикалық белгісі – нақты тілдік форманың болуы, атап айтқанда, факті немесе оқиға туралы сенімді формада айтылған сөз (сөйлем).

ҚР заңнамасында сөйлеу әрекетімен байланысты 20-дан астам құқық бұзушылық бар. Атап айтар болсақ, 2011 жылдың 11 қыркүйегінде қол қойылған ҚР Қылмыстық кодексінде жала жабу, қорлау, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру, ҚР Конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру, ҚР Президентінің ар-ұжданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау, депутаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау, Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қызметіне кедергі жасау, үкімет өкілін қорлау, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету сынды қылмыстық істер мен ҚР Азаматтық кодексінде қаралған ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау, бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану, ұсақ бұзақылық, бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық араздықты тұтандыруға бағытталған материалдарды жариялауға рұқсат беру, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату, бұқаралық ақпарат құралдарына көрінеу жалған мәліметтер және материалдар беру, куәнің, жәбірленушінің көрінеу, жалған айғақтары, сарапшының көрінеу, жалған қорытындысы немесе қате аударма жасау сынды әкімшілік тәртіп, құқық бұзушылықтарға жазалар қарастырылған [3].

Лингвокриминалистік сараптаманың жаңа әдіс-тәсілдермен жаңару әрі қылмыстық және криминалистік істерге де қолданыла бастауынан оның қарастыратын алаңы да кеңейе түсуде:

- соттық лингвистикалық сараптама сөз бен тілдік қолданыстардың жеке және контекст ішінде қолданылған мағыналық мәнін, эмоционалды-экспрессивтік мазмұнын қарастырады. Мұндай лингвистикалық зерттеулердің нысаны ретінде, көбінесе, баспа мен бұқаралық ақпарат құралдарында тараған жарияланымдар мен мәтіндер алынады.

- лингвистикалық сараптама құқықтық норманы бұзудың тілдік жағы бар не жоғын анықтап береді.

- соттық лингвистикалық сараптаманың қиындығы зерттеуге алынған криминалистік ақпараттың көпмәнділігі, көпмағыналылығында. Берілген ақпарат вербальды жағынан айқын көрінбеуі мүмкін немесе жасырын вербальды амалдармен, паралингвистикалық әдістермен (интонация, тембр, дауыс модуляциясы, стилистикалық құралдар, графикалық құралдар, т.б.) берілуі мүмкін.

- мәтін авторының шынайы мақсаты мен коммуникациялық мүддесі жасырын не бүркелген күйде болуы мүмкін, әсіресе, тілдік қолданыс пен сөйленістің суггестикалық, бүркеншек мағынада келуі лингвистикалық сараптаманы біршама қиындатады, сондықтан вербальды мәтіннің мағынасын ашу үшін жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап табу керек;

- филологтың арнайы білімі мен заманауи лингвистикалық тәсілдерді меңгеруі мағынасы бүркелген, жасырын күйде келген вербальды мәтіндердің мәнін ашыруға, автордың коммуникациялық мақсатын тануға, автор интенциясының ниетін-пейілін аңғаруға, тілдің қолданыстың өзгеру, жаңа мағынаға ие болу сипатын дәл бағалай алуға мүмкіндік береді [4].

Егер адам сотқа өзінің құқықтарын қорғау туралы арыз түсірсе, сот талап арыз келіспейтін ақпараттың мәтініне соттық лингвистикалық сараптама тағайындайды. Лингвистикалық сараптамаға ұсынылған мәтіндегі ақпарат бірнеше тәсілмен берілуі мүмкін:

- ашық сөз формасында, демек, мәліметтер жеке сөйлем немесе өзара байланысты сөйлемдер тізбегі ретінде, тіпті жаңа ақпарат предикат, логикалық баяндауыш ретінде беріледі. Мысалы, *Ұры ұрыдан сойыл ұрлады*;
- жасырын сөз формасында, демек мәліметтер сөзде ашық емес, жабық түрде, мысалы, бастауыш құрамында. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалда сойылдың ұрлануы туралы ғана емес, оны істеген ұры екені туралы да ақпарат бар;
- мәтіннен тыс формада, яғни ақпарат мәтін ішінде емес, автор мен оқырманның (тыңдарманның) жалпы фондық біліміне, негізделеді;

- мәтіннің ішкі формасында, яғни ақпарат мәтін ішінде емес, айтылған контекстен оқырман немесе тындарман оңай түсіне қалатындай болады.

Лингвистикалық сараптама барысында талап арыз беруші дауласып отырған кез келген формада берілген мәтіндегі жағымсыз ақпарат талдануы керек.

Нұқсан келтіретін мәліметтер – бұл жеке немесе заңды тұлға тарапынан іс жүзіндегі заңдар мен жалпы қоғамда қабылданған моралдық қағидалардың бұзылғаны туралы БАҚ арқылы немесе көпшілік жиын алдында ауызша я жазбаша қалың бұқараға таратылған жағымсыз деректік ақпараттар. Нұқсан келтіретін мәліметтер шындыққа сәйкестігі жағынан тексеріле алынады. Алайда бұл «деректік ақпараттар бағалауыштық сөйленістерде берілмейді» деген түсінікті тудырмауы тиіс. Өйткені *жалақор, парақор* сияқты тұлға туралы жағымсыз бағалар сол тұлға тарапынан түрлі жөнсіз арыз-шағымдардың орын алғаны я алмағаны, сондай-ақ қызмет барысында пара алуға байланысты деректер тұрғысынан тексеріле алады.

ҚР Жоғарғы сотының 18.06.04 ж. № 10 нормативтік қаулысында [5] «Қоғам немесе жеке азаматтардың заңдарды сақтау, моральдық принциптерді орындау туралы көзқарастары бойынша ұйымдар мен азаматтар жөніндегі шындыққа жатпайтын мәліметтер олардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтер деп есептелінеді» деп көрсетілген. Яғни, нұқсан келтіретін мәліметтер қатарында жеке тұлға немесе заңды тұлға тарапынан іс жүзіндегі заң қағидаларының бұзылғандығы, сондай-ақ жеке, қоғамдық немесе саяси өмірде әділетсіз, этикаға жатпайтын іс-әрекеттің жасалғандығы, шаруашылық-өндірістік немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда ықпалсыздық танытқандығы, іскерлік айналымда іскерлік этиканы немесе қалыптасқан дәстүрлердің бұзылғандығы туралы деректік тұжырымды қамтитын мәліметтер танылады. Ал деректі (фактіні) қамтымайтын, тек «*сүйкімсіз адам*», «*ақымақ студент*» сияқты жағымсыз бағаны қамтитын жағымсыз мәліметтер нұқсан келтіретін мәліметтер болып табылмайды деп көрсетіледі.

Инвектива – біреуге немесе бірдеңеге бола қатты сөз айту; балағат әдепсіз сөз; тіл тигізу; қорлау; ұрысу. Инвектива түсінігі қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде кең мағынасында, адамның жеккөрушілік сезімі мен агрессияның мүмкіндігінше қорлау ретінде қабылданатын кез келген тілдік көрінісі (біреуге қатты сөз айту ғана емес) және тар мағынасында, кодталмаған (тыйым салынған) құралдармен адамды қорлайтын атау.

Заңгерлік көзқарас тұрғысынан алғанда, қорлау – сөйлеуші тарапынан тілдік актіде адресатты, яғни тұлғаны қорлау, абыройын төгу, кемсіту ниетін көздеп, адресатқа өте дөрекі, балағат, боқтық т.б.

инвективті лексиканың (инвективті лексика – латын тілінен алынған: *invectiva* «балағаттау» деген мағынаны білдіреді) айтылу үдерісі. Кез келген тілдік қорды әдеби нормативтік лексика және әдепсіз, балағат лексика құрайды. Алайда әдеби нормативтік лексика өз қолданысы барысында қорламайды, ал әдепсіз, балағат лексика өз қолданысы кезінде тұлғаны қорлайды деген түсініктің болмауы керектігі юрислингвистика саласы ғалымдарының еңбектерінде (мысалы, Ю. Бельчиков, В.И. Жельвис т.б.) қарастырылған [6].

Заңгерлік тәжірибеде әдеби нормативтік лексиканың да контекстік я түрлі жағдаяттық қолданысында тұлғаны қорлайтын лексика болып табылып, ал балағат лексиканың контекстік я түрлі жағдаяттық қолданысына қарай тұлғаны қорлайтын лексика болып табылмаған кездері орын алған. Балағат, боқтық т.б. инвективті лексиканың айтылу жағдайын қорлау ретінде тану үшін, ең алдымен, сөйлеушінің нақты қорлау ниетін көздегені анықталуы тиіс. Ал қорлау ниетінің көзделуі қорлаушының сол балағат сөздер орын алған қақтығысты жағдаятта бастамашы болуымен анықталады, және қорлау ниетінің көзделуі көп жағдайда аяқасты сипатта жүзеге аспайды. Осы сияқты балағат лексика орын алған коммуникативтік қақтығысты интерпретациялық талдау кезінде макроконтексті сығымдап талдай келгенде, инвектордың әдейілеп сол ұрысты тұтандыруға ықпал етіп сөз қосуы, яғни бастамашысы болу жағдайы оның алдын ала даярланып, тұлғаны қорлау ниетін көздегенінен хабардар етеді.

Ал балағат, боқтық т.б. инвективті лексиканың аяқасты орын алатыны да лингвокриминалистика тәжірибесінде жиі кездеседі. Балағат, боқтық т.б. инвективті лексиканың аяқасты, дайындалмаған түрде орын алуы жағдайында инвектордың алдын ала қорлау ниетін ойластырмайтыны, қорланушыны әдейілеп кемсіту, абыройына нұқсан келтіру пиғылында болмайтыны анықталған [7].

Сөз қақтығыстарын тудыратын даулы мәтіндерден қорлау мәнісі қамтылған тілдік бірліктерді анықтауда жәбірленуші тұлға туралы автор тарапынан қолданылған теріс бағалаулар я эпитеттердің мақалада баяндалған жайттарға бара-барлығы, шынайы деректерге сәйкестігі өлшемдері басшылыққа алынды. Өйткені жәбірленуші тұлға туралы теріс баға мазмұнында оның іс жүзіндегі заңды немесе қоғамдық мораль нормаларын бұзғаны туралы мәлімет қамтылуы мүмкін. Мысалы, алаяқ (мысалы, тұрғын үймен анықталған мерзімде қамтамасыз етуге уәде етіп, соңында тұтынушылардың қаржаттарын өз қалтасына басып алуы), жезөкше, жеңіл жүрісті (қоғам тарапынан моралдық тұрғыдан айыпталатын іспен айналысу) әйел сияқты бағалауыштық лексика мазмұны бойынша қоғамдық мораль нормаларын бұзғаны туралы мәліметтің шындыққа сәйкестігі не сәйкес еместігі тексеріле алынады.

Жалпы сөздің, сөйленістің қорлау сипатын анықтауда түрлі ұстанымдар басшылыққа алынады. Оның бірі түрлі әлеуметтік топтар мен

таптар, түрлі аймақтардың менталитеті, түсінігі тұрғысынан, қоғам тарапынан дәрекі, көргенсіз сөздер. Мәселен, «Жақсы арының құлы, жаман малының құлы» дегендей, У. мына жалған, алдамшы дүниенің бейнесіне алданып, шырмауына ілесіп, балаларын аяғыма оралғы болмасын деп құтылу үшін осылай жасағанына көз жеткізу соншалықта қиын болмас деп ойлаймын. Қысқасы, тексіздігіне көзім жетті»

деген өзара мағыналық байланыстағы сөйлемдердің алғашқысы болжам, жорамал түрінде берілгенімен, тексіз сөзі қатысқан соңғы сөйлем У.-ды тексіз деп тұжырымдайды. Мұнда автордың көзқарастарын тұжырымдап тұрған тексіз сөзі ауызекі сөйлеудегі, әдеби тілдегі т.б. қолданыстарындағы семантикасында адамның шыққан тегін, алған тәрбиесін жоққа шығарады: «тұқым танымас, туыс танымас, қанғыма».

Түрлі сөзқолданыстардан алынған бұл мысалдар тексіз сөзінің адамның тұқымын, шыққан тегін кемсітетіні көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, автор тарапынан қолданылған тексіз сөзі кейіпкер субъектінің мақалада баяндалған әрекеттерін тұжырымдауда, бағалауда адекватты емес, себебі аталмыш сөздің семантикасы, көріп отырғанымыздай, оның жеке басын ғана емес, оның тұтас шыққан тегін жоққа шығарады.

Тілдік бірліктердің контексте қолданылуы барысында түсіндірме сөздіктерде, фразеологиялық, тұрақты теңеулер тағы да басқа көптеген сөздіктерде тіркелген мағыналарынан бөлек мән-мағыналары сол жағдаятпен байланысты көрініс беруі мүмкін. Тілдегі сөз қақтығысына негіз болатын мұндай құбылыстардың қатарына мына төменде көрсетілген тілдік құбылыстарды жатқызуға болады: 1) лексика-семантикалық маркерленген тілдік бірліктер; 2) синтаксистік семантикалық маркерленген құрылымдар; 3) семантика-прагматикалық маркерленген контекстер.

Тілдік тұлға я сол тілді иеленушінің тілдік санасында туындайтын алғашқы ассоциация және жағдаятпен сәйкес анықталатын қосымша мән-мағына тілдік бірліктің лексика-семантикалық маркері ретінде қарастырылады. Мысалы, кезінде бір топ сайлаушының назы республикалық газет арқылы депутатқа жолданған болатын.

Сол хаттағы: Сіз Тарбағатай ауылына 2007 жылдың жазында келдіңіз, одан кейін Сіз бұл ауылға ат басыу бұрған жоқсыз сөйлеміндегі «ат басын бұрған жоқсыз» фразеологизмі өз семантикасында келмеді деген ойды білдіргенімен, «депутаттың өз міндетін дұрыс атқармады» деген тұжырымды білдірмейді. Себебі, «ат басын бұрмады» фразеологизмі өз семантикасында көрсетілген сөздікте тіркелмеген, бірақ контекстен анықталатын тағы бір ақиқат мәліметті – депутаттың «ат үстінде жүргені» – іс үстінде жүргені туралы ақпаратты да қамтып тұр. Яғни, «ат үстінде (немесе іс үстінде) жүріп, атының басын бізге қарай бұрмады» дегенді жеткізіп тұр. Ат басын бұру фразеологизмінің мағынасы – «бұрылу, бағытын өзгерту» деген мағынаны білдіреді [8]. Сондықтан «ат басын

бұрған жоқсыз» сөйлемінің терең семантикасында «Депутат өз міндетін дұрыс атқармады я жеңіл-желпі қарады» деген тұжырым жоқ.

Тілдің көптеген қызметтерінің (коммуникативтік, танымдық, ықпал етушілік, эстетикалық, фатикалық) арасында ғалымдар оның инвективті қызметін де көрсетеді. «Тілдің инвективті қызметі сөздің шығармашылық тұрғыда қолданылу мүмкіндіктерімен (өмірлік қажеттіліктері) тығыз байланысты табиғи қызметі болып табылады» [9].

Тілдік агрессия – бұл «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдірілуі. Тілдік агрессияның екі түрі ажыратылады. Бір жағынан, тілдік агрессия (нақты айтқанда, қорлау да) жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді білдіруге қызмет етеді. Тілдік агрессияға түрткі болатын көңіл-күй сезімдеріне ыза, шаптығу, өкпе, көңілтолмаушылық, жеккөрушілік, айыптау, жақтырмаушылық т.б. жатқызылады. Мұндай агрессия көбінесе сыртқы түртпекке тітіркеніс жауап ретінде көрініс береді. Мысалы, адамға дүкенде дөрекілік танытылғанда, көпшілік көлікте аяғын басып кеткенде, адам өтініші ысырылып тасталғанда немесе қабылданылмағанда, дауда қарсылық білдірілілгенде – мұндай физикалық немесе психологиялық дискомфорттың жауабы сұхбаттасушыға қарсы сөз қайтару, тойтарыс беру, ұрыс, балағат болуы мүмкін. Бұл сипаттағы сөз қайтарудың негізгі қызметі жүйкені ширығудан босаңсыту, теріс көңіл-күйден айығу сияқты психологиялық шынығу болып табылады. Басқа жағынан, тілдік агрессия айырықша ниет – адресанттың (сөйлеуші/жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мүдделерін (өзін таныту, өзін өзі қорғау) қайсыбір «тыйым салынған» тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін.

Тілдік агрессияның негізгі түрлері мен формаларына қорлау, дұшпандық сын, қоқан-лоқы, дөкір талап, дөрекі бет қайтарыс, жазғыру, келемеж, шағым, сөз тасу және жала, ұрыс-керіс жатады.

Қорытынды бөлім

Тіл қоғамға қызмет ете отырып, яғни субъектілер тарапынан өзінің қолданылуы кезінде олардың арасындағы түсіністікпен бірге сот төрелігін, заңның араласуын қажет ететін тілдік қайшылықтардың пайда болуына да жол береді. Тіл қызметі негізінде туындаған мұндай қайшылықтардың шешімінде таза юриспруденциялық білім жеткіліксіз болуы себепті арнаулы филологиялық білімдері бар мамандар іске тартылып, таңба және таңбаланушы, таңба және интерпретатор қатынасы, тіл семантикасы мен прагматикасы, тіл мәдениеті сияқты лингвистикалық пәндердегі ғылыми қағидалар мен тұжырымдар тірек етіледі де, сот-лингвистикалық сараптаманың тоғыспалы сипаты анықталады.

Құқықтық мәнмәтінді дұрыс ұғынбаудың себебінен сөздік таңбаны түсіндіру кезінде түрлі ұғынбастық пайда болуы мүмкін, содан заң

мәтіндерін түсінбеу, оны қабылдай алмау мәселелері туады. Мұның басты себебі заңгерлердің мәтінді тек заңнамалық тұрғыдан ғана қарап, терминнің лингвистикалық негізіне, мәтіндегі сөйленістің мазмұнына мән бермеуде. Алайда тіл білімі мамандарының заң мәтіндерін тек лингвистикалық тұрғыдан қарап, заңнамалық аспектісін назарға алмауы да семантикалық мәннің өзгеруіне әкеліп соғады.

Лингвокриминалистикалық сараптаманың жаңа әдіс-тәсілдермен жаңару әрі қылмыстық және криминалистік істерге де қолданыла бастауынан оның қарастыратын алаңы да кенейе түсуде.

Қазіргі уақытта сот процесінде әр саланың мамандары жасаған кешенді сараптамаларға мән берілуде. Оның ішінде тілші сарапшылардың да рөлі зор. Мәселен, тіл білімінсіз күрделі соттық-экономикалық сараптаманы жасау қиын, өйткені құжатты толтырған тұлғаның тілдік тұлғасын тану, мәтін мен аудиожазбаларды сәйкестендіру қылмысты дәлелдеудің басты деректері саналады.

Соңғы уақыттары заңгер, құқық қорғау мамандарының коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру, сол арқылы олардың біліктілігін қалыптастыру күн сайын өзекті бола түсуде. Кәсіби бағытталған білім беру бағытының мәні де сол – педагогикалық процестерді білім алушыларды болашақ кәсіби маман ретінде қалыптасуына, қарым-қабілеті мен білімінің жетілуіне жағдай жасау. Заңгер, құқық қорғау мамандарына бағытталған кәсіби білім беру үрдісін қалыптастырмаудың себебінен білім алушылардың тіл біліміне, оның ішінде қазақ тілін оқуға деген ниеті болмай отыр. Заңгер мамандардың коммуника-тивтік білімі мен қабілетінің қалыптаспауынан кәсіби маман ретінде жұмыс жасауына кедергі келтіруде.

Қазақстанда қылмыс деңгейі жоғары мемлекеттердің бірі әрі қазіргі уақытта қылмысты азайту, оны ізгілендіру мақсаты қойылып отыр. Десе де, қылмыстық істегі сөз қолданысына қатысты тергелетін қылмыс формалары әлі заңнан әлі алынып тасталған жоқ.

Коммуникативтік қабілеті дамыған, сөздік қору мол әрі филологиялық білім қалыптасқан заңгер және құқық қорғау мамандары өз ойын еркін жеткізе алады әрі оқиғаның барысы мен мән-жайын түсіндіріп беруге, сипаттауға таптырмас артықшылық береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Грачев М.А. Проблемы становления и формирования лингвокриминалистики как науки // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2010. № 4 (2), С. 497–500.
- 2 Стернин И.А. Выявление признаков возбуждения расовой и национальной вражды в лингвистической экспертизе текста: методическое пособие. - Воронеж: Гарант, 2010. - 20 с.

- 3 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. – 2012. – 20 ақпан. – Алматы: Норма – К, 2012. – 356 б.
- 4 Галяшина Е.И. Основы судебного речеведения. – М.: СТЭНСИ, 2003. – 21 б.
- 5 Сот тәжірибесінде жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың ар намысы мен абыройын және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» ҚР Жоғарғы сотының 18.06.04ж. № 10 нормативтік қаулысы // Жүз жағдай – жүз кеңес. Журналистерге көмек. – «Әділ сөз» қоры, 2007 жыл.
- 6 Жельвис В.И. Слово и дело: юридический аспект сквернословия // Понятие чести, достоинства и деловой репутации: Спорные тексты СМИ и проблемы их анализа и оценки юристами и лингвистами. – М.: Медея, 2004. – С. 289-298.
- 7 Әженова Г.Х. Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. – Алматы: «Әділ сөз», – 2013. – 152 б.
- 8 Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
- 9 Голев Н.Д. Юридический аспект языка в лингвистическом освещении // Юрислингвистика-1. – Барнаул, 1999. – С. 44-49.